Пәннің қысқаша мазмұны: «Девиантология» курсы бойынша студенттер тәртіп ауытқуларының мақсаты, міндеттері және қалпына келтіру принциптері. Психологтың ауытқушылық тәртіптің әртүрлі формасындағы клиенттерімен жұмыс жасау бағыттары. Девианттың мотивациялық-құндылықтық ортасын қалпына келтіру. Эмоционалды жағдайларды қалпына келтіру әдістері мен технологиялары. Психогигиена және өзінің эмоционалды жағдайларын және тәртібін бақылау әдістерін оқыту. Әртүрлі жастық топтардағы девианттармен және ауытқушылық тәртіптің формаларымен жұмыста психотерапияның әртүрлі технологияларын қолдану технологиясы. Ауытқушылық тәртіпті жою әдістері және белсенді «Мен-концепциясының» қалыптасуы, әлеуметтік жақталған тәртіптің әлеуметтенуі және бейімделуі. Негізгі концепциялар мен реабилитация моделдері (медициналық, білім беру және психоәлеуметтік) және олардың сипаттамасын түсінеді.

Пререквизиттері: Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, әлеуметтік педагогика.

Постреквизиттері: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) ауытқушылық тәртібі мәселесі бойынша психологиялық білім негіздерімен; В) ауытқушылық тәртіптің әртүрлі классификациялармен танысады; С) ауытқушылық тәртіптің қалыптасуының психологиялық механизмдерін және детерминантын, оның негізгі түрлерін, диагностика әдістерін және қалпына келтіру және алдын алу бағыттарын меңгереді; D) ауытқушылық тәртіптің диагностика, алдын алу және психологиялық коррекция саласында тәжірибелік біліктерін қалыптасады; Е) Ауытқушылық тәртіпті жою әдістері және белсенді «Мен-концепциясының» қалыптасуын біледі.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Волонтерлік қызметке психологиялық дайындық.

Бағдарлама авторы: Адильшинова З.У.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттердің әлеуметтік жұмыста волонтерлік қызметті жүйелі түрде түсінуін, сондай-ақ осы қызмет түрімен байланысты кәсіби және жеке құзыреттерді қалыптастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Волонтерлық қызметке психологиялық дайындық» курсы болашақ мамандарды еріктілердің әлеуметтік-психологиялық аспектілерімен таныстыру үшін әзірленген. Еріктілікке психологиялық дайындығын қалыптастырып, тәжірибелерді талдау. Студенттердің әлеуметтік жұмыста волонтерлік қызметті жүйелі түрде түсінуін, сондай-ақ осы қызмет түрімен байланысты кәсіби және жеке құзыреттерді қалыптастырады. Қоғамдағы болып жатқан әр түрлі жағдайларға дайын болуға бейімделеді.

Пререквизиттері: Денсаулық психологиясы, арнайы психология.

Постреквизиттері: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) «еріктілік», «еріктілік қызметі» ұғымдарының мәнін білу; волонтерлік әлеуметтік контекст ерекшеліктері; еріктілер қозғалысының тарихы; волонтерлік модельдер;

В) еріктілерді қолдауды қажет ететін әлеуметтік топтардың мәселелерін білу; еріктілікке арналған нормативтік база; С) еріктілік кезінде коммуникация процесін құруға қабілетті болуы; өзіңіздің волонтерліктеріңізді жобалау; ерікті қызметтің технологиясын пайдалану; еріктілер қызметін ұйымдастырады; D) еріктілер қызметін ұйымдастыру дағдыларын меңгеру; E) еріктілер қызметін меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Әлеуметтік-педагогикалық менеджмент.

Бағдарлама авторы: Әбіл А.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім берудегі менеджменттің ғылыми негіздері және білім беру жүйесін дамытуды басқару туралы білімді қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Әлеуметтік-педагогикалық менеджмент» курсы студенттерге басқарудың негіздері туралы білімдер жүйесін меңгеру, менеджмент саласындағы дағдыларды игеру арқылы кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тұжырымдамалар мен шешімдерді қалыптастыру, педагогикалық және басқа да кәсіби қызметті тиімді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Білім берудегі менеджменттің ғылыми негіздері және білім беру жүйесін дамытуды басқару туралы білімді қалыптастырады. Басқарудың негіздері туралы білімдер жүйесімен студенттерді меңгеру, менеджмент саласындағы дағдыларды игеру арқылы кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тұжырымдамалар мен шешімдерді қалыптастыру, олардың педагогикалық және басқа да кәсіби қызметті тиімді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пререквизиттері: Білім берудегі тьюторлық қолдаудың ерекшелігі, педагогикалық-психологиялық қызметтегі риторика.

Постреквизиттері: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) компьютерлік сауаттылық дағдылары мен балалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру; жасөспірімдер мен олардың ата-аналары; В) әлеуметтік және тәрбиелік жұмыстардың идеялары мен тұжырымдамаларын түсіну және пайдалану мүмкіндігі; сыни және шығармашылық ойлау; С) отбасымен әлеуметтік және тәрбиелік жұмыс үшін инновациялық технологияларды қолдану; D) әлемнің қазіргі ғылыми көрінісі туралы идеяларды қалыптастыру; E) отбасымен әлеуметтік және ағартушылық жұмыстарды сәтті жүзеге асыруға қажетті кәсіби дағдыларды қалыптастыру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Педагогикалық шеберлік.

Бағдарлама авторы: Әбіл А.С.

Курсты оқытудың мақсаты: мамандардың дайындық сапасын көтеруге, инновациялық білім беруді дамытуға, ғылыми-зерттеу әрекетімен кіріктірілуге, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік және экономикалық сала талаптарымен тығыз байланыста болуына, ақпараттық және білім беру технологиясын жетілдіру

Пәннің қысқаша мазмұны: ғылыми негізделген, оқыту процесінің мақсаттылығына, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етуге, оның ішінде оқу процесіне, оның мақсаты мен мазмұнына, ұйымдастырудың әдістемесі мен формасына, жоғары мектеп дидактикасының жалпы және оқу процесінің ішінара проблемасына қатысты. Жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа жолын ойластыру қажеттілігі қоғамның дайындалған мамандар сапасына қанағаттанбауынан туындауда, ол бірінші кезекте педагогиканың әлеуметтік сұраныс деген категорияны нақтылау қажеттілігімен түсіндіріледі.

Пререквизиттері: Педагогикалық-психологиялық қызметтегі риторика, әлеуметтік педагогикалық жұмыс технологиясы.

Постреквизиттері: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) аталған пәнді меңгеруде болашақ мамандар бос уақытты ұйымдастырудың нақты формалары мен әдістерін біледі; В) қойылымдық жұмыстарды ұйымдастыру және драмалық әзірлеменің негізгі әдістерін меңгереді; С) тұлға дамуының негізгі теориялары мен іс-әрекет және қарым-қатынас дамуының ерекшеліктерін диагностикалауды игереді; D) педагогикалық шығармашылық бағдарламалар жүйесін анықтай алады және құрастыра біледі; E) жинақталған материалдарды өзбетінше талдай алады.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Арнайы педагогика.

Бағдарлама авторы: Жазыкова М.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: Арнайы педагогика пәні, ұғымдық аппараттары, ғылыми негізделуі, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды арнайы оқыту мен тәрбиелеудің теориялық негіздері туралы білімдерін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Арнайы педагогиканың ғылыми негізделуі және жалпы теориялық сұрақтары. Арнайы педагогика ғылымы туралы түсінік. Арнайы педагогика пәні, мақсаты мен міндеттері. Арнайы педагогиканың ғылыми негіздері. Арнайы педагогиканың клиникалық негіздері. Арнайы педагогиканың лингвистикалық және психолінгвистикалық негіздері. Арнайы педагогиканың әдіснамалық негіздері. Арнайы білім берудің педагогикалық жүйелері. Арнайы білім беру жүйесіндегі педагог. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық жүйесі. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға түзете-педагогикалық көмек көрсету мәселелері. Арнайы педагогика және гуманистік технологиялар.

Пререквизиттері: Денсаулық психологиясы, арнайы психология.

Постреквизиттері: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) арнаулы білім беру контексінде олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі жастағы арнайы білім беру тұжырымдамасы, арнайы педагогикалық үдерістің ерекшеліктері; В) тәрбиелеу және білім беру, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен дамытудың аспектілері мен міндеттері; С) ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытудың стратегиясын, нысандарын, құралдарын және әдістерін таңдауға қатынасы; D) ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған білім беру және дамыту ортасын құру және шарттарда шартты түрде стандартты даму деңгейі арнайы білім беру; E) ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың жеке және

топтық іс-әрекеттерін және оларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту үшін жағдайлар жасау мақсатында шартты түрде нормативтік даму деңгейін ұйымдастыру.

Модуль 9.2. - Тьюторлық, жобалау және педагогикалық психология, 43 академиялық кредит

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Бастауыш білім берудегі даралық және тьюторлық.

Бағдарлама авторы: Туякова Ұ.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Бастауыш мектептегі тьюторлық қолдаудың ерекшеліктерін, қоғамдық маңыздылығын, кәсіби қызметі мен психологиялық-педагогикалық іс-әрекет аясында тьюторлық сүйемелдеу негіздері туралы түсінік қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Тьюторлықтың пайда болу тарихы: даму тенденциялары. Бастауыш мектепте тьюторлық қолдаудың жалпы теориялық негіздері. Бастауыш мектеп оқушыларын тьюторлық қолдау технологиясы. Кәсіби білім берудегі болашақ педагогтарды тьютор қызметін жүзеге асыруға дайындау. Бастауыш мектепте тьюторлықты енгізудің мәні мен шарттары. Мектептегі тьюторлық тәжірибе. Бастауыш мектепте тьюторлық қызмет. Оқушыларды тьюторлық сүйемелдеуді ұйымдастыру ерекшеліктері. Тьюторлық позициядағы педагогтің жалпы кәсіби құзыреттілігі. Бастауыш мектептегі тьюторлық жұмысты рәсімдеудің нормативтік-құқықтық және экономикалық ерекшеліктері.

Пререквизиттері: Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, әлеуметтік педагогика.

Постреквизиттері: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, қажеттіліктері мен жетістіктерін диагностикалауды меңгерту; В) әлеуметтік педагогика және тьюторлықтың, арнайы және түзету педагогикасының әдіснамасын, ерекше білім беру және психологиялық қажеттіліктері бар балалармен инклюзивті білім беру бойынша білімдер игеру; С) оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістерін салыстыру; D) практикада оқытудың инновациялық әдістерін тьюторлық қолдауды қажет ететін білім алушыларға тәжірибеде қолдану; E) әдістемелік әзірлемелерді дайындау үдерісінде студенттердің шығармашылық қызметін белсенді ету.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Қиын жасөспірімдерді әлеуметтендіру.

Бағдарлама авторы: Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: педагогтың тиімді сөйлеу әрекетінің заңдылықтары туралы теориялық білім беру және тиісті білімдер мен дағдыларды, қарым-қатынастың психологиялық-педагогикалық мәдениетін, оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудың маңызды құралы ретінде сөйлеу мәдениетін меңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Қиын жасөспірімдерді әлеуметтендіру» курсы мектептегі жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуі. Жасөспірімнің өсу кезеңіндегі ортаның, ата-аналардың және құрдастардың рөлі. Экономикалық және құқықтық әлеуметтену сияқты мәселелер Деадаптацияның түрлері: ұрлық, кәмелетке толмаған ата-ана, деструктивті мінез-құлық, вандализм, ксенофобия және экстремизм. Хакинг және телефонмания. Психологиялық қолдау әдістері. Бұзушылықтарды түзету жұмыс ерекшеліктері.

Пререквизиттері: Арнайы білім беру жүйесінде тьютордың кеңістікті ұйымдастыруы, бастауыш мектептегі тьюторлық қолдаудың ерекшелігі.

Постреквизиттері: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер

А) әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметінде жүйелі психологиялық-педагогикалық теориялық білімді қолдануға қабілетті; В) мектептегі және әлеуметтік дезадаптацияның, девиантты және дезинквенттік мінез-құлықтың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды жүзеге асыруға дайын; С) тәуекел тобындағы балалар мен отбасыларды психологиялық-педагогикалық қолдау мен сүйемелдеудің заманауи әлеуметтік-педагогикалық технологияларын қолдануға дайын; D) оқушылардың жеке басының медициналық-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктерін, олардың өмір сүру жағдайларын, микроортаның ерекшеліктерін зерттеуге, тәуекел тобындағы балалар мен отбасыларды анықтауға дайын; E) балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік маңызды қызметінің әртүрлі түрлерін (спорт, бос уақыт, жастар және жасөспірімдер ұйымдарының қызметі және т.б.) ұйымдастыруға дайын.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Психологиядағы әдіснамалық мәселелер.

Бағдарлама авторы: Әбіл А.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттердің ғылыми зерттеулердің әдіснамасы және әдістері саласындағы жүйелі білімдерін қалыптастыру. Психология ғылым салаларында зерттеу жұмысын ұйымдастыра отырып, әдіснамалық тұғырлар және ұстанымдарды зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазіргі кезеңдегі психологияның міндеттері мен оның ғылымдар жүйесіндегі алатын орны. Психологиялық зерттеудің объективтілігіне жалпы қойылатын талаптар. Психологиялық зерттеу әдістерінің жіктелуі. Педагогика мен психологиядағы ғылыми зерттеулердің әдістері пәннің мәні мен маңызы. Педагогика және психология ғылымында зерттеулердің алғашқы қойылуы. Педагогикалық және психологиялық зерттеулердің әдістері. Педагогика және психологиядағы зерттеу әдістерін тиімді пайдалану.

Пререквизиттері: Психологиялық-педагогикалық практикум және диагностика, психологиялық-педагогикалық өзін-өзі бағалау және психологиялық кеңес беру негіздері, білім беру жүйесінде педагог ретінде тьютор қызметінің негіздері

Постреквизиттері: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) зерттеу жұмысының теориялық негіздерін құруды меңгереді;В) эксперимент барысында зерттеу әдістерін тиімді пайдалану шеберлігі қалыптасады;С) психологиялық, педагогикалық зерттеулердің философиялық негіздерін, психологиялық, педагогикалық зерттеулердің әдістер теориясын біледі;D) психология мен педагогикадағы зерттеу жұмысының түрлерін біледі;E)зерттеу жұмысын құруды, жүргізуді, нәтижесін шығаруды, рәсімдеуді игереді.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Педагогикалық үдерісті жобалау және ұйымдастыру.

Бағдарлама авторы: Қаңтарбай С.

Курсты оқытудың мақсаты: Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде педагогикалық жобалаудың теориясы мен технологиясынан жаңа нәтижелерге бағытталған білім беру жүйесі үшін болашақ білікті мамандарды дайындау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жобалаудың жалпы негіздері, Қоғамдық-әлеуметтік қайта құрулар жағдайында жобалаудың пайда болуы мен дамуы, Жобалаудың теориялық негіздері. Жобалаудың мәдени – инновациялық сипаты. Әлеуметтік жобалау. Жобалаудың адам ресурстарын дамытуда алатын орны. Оқытудағы жобалау және жобалау әрекеттері. Жобалау – оқу әрекетінің ерекше түрі ретінде. Оқу жобасының құрылымы мен түрлері. Оқытудағы жобалау әдісі.

Пререквизиттері: Әлеуметтік педагогика, әлеуметтік педагогика және тьюторлықтағы ІТ мен цифрлық ресурстар.

Постреквизиттері: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) жобалаудың теориялық негіздерін және жобалаудың мәдени – инновациялық сипатын меңгереді; В) оқытудағы жобалау және жобалау әрекеттерін біледі; С) оқу жобасының құрылымы мен түрлерін игереді; D) оқытудағы жобалау әдісі жүргізеді; E) жобалаудың теориясы мен технологиясын жаңа нәтижелерге бағыттайды.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Педагогикалық психология.

Бағдарлама авторы: Қаңтарбай С.

Курсты оқытудың мақсаты: Педагогикалық психологияның қазіргі таңдағы психология құрылымындағы алатын орны туралы, студенттерді педагог қызметіндегі кәсіби психологияның ролі, маңызы туралы, ұғым түсініктерімен студенттерді хабардар ету. Болашақ ұстаздардың кәсіби бағдарын психологиялық тұрғыдан бейімдеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Педагогикалық психология пәні, міндеттері, құрылымы зерттеу әдістері мен әдіснамасы және қалыптасу тарихы. Оқушылардың тұлғалық және интеллектуалдық функциялары дамуының әржастағы ерекшеліктері. Оқу мен тәрбие жұмыстарындағы белсенді әдістердің психологиялық негіздері. Педагогикалық қарым-қатынас психологиясы. Педагогикалық іс-әрекеттің стилі, қабілеттері.

Пререквизиттері: Денсаулық психологиясы, арнайы психология.

Постреквизиттері: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) педагогикалық психологияның әдіснамалық негіздерін игеру; В) педагогикалық және оқу іс-әрекеттің даму заңдылықтары мен қызметін меңгеру; С) оқыту процесінің негізінде жүзеге асатын психикалық процестерді білу; D) психикалық қалып, қасиеттер және дара ерекшеліктер мен өзгерістердің өзара байланысын игеру; E) педагогикалық қабілет пен қарым – қатынастарды негіздерін зерттеу әдістерін, оларды жүргізу әдістемелерін меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Психикалық денсаулық және суицид превенциясының алдын-алу.

Бағдарлама авторы: Тұякова Ұ.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Психикалық денсаулық және суицид мәселесін зерттеу, суицидтің алдын-алу әдістерін талдау және суицидтік жағдайды алдын алу шараларын ұйымдастыру жолдарын меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Тұлғаның психикалық денсаулығын зерттеу аспектілері. Суицидтің алдын-алу: әдістері және тиісті факторлар. Жасөспірімдердің психологиялық және психикалық денсаулығы. Суицидтік мінез - құлықтың психологиялық ерекшеліктері. Суицидтің түрлері мен белгілері. Жасөспірімдер арасындағы суицидтік жағдайды алдын алу шаралары.

Пререквизиттері: Денсаулық психологиясы, арнайы психология.

Постреквизиттері: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) психикалық денсаулық және суицид алдын-алу жұмыстарын түсінеді; В) тұлғаның психикалық денсаулығын зерттеу аспектілерін меңгереді; С) суицидтік мінез - құлықтың психологиялық ерекшеліктері және суицидтің түрлері мен белгілері талдап біледі; D) суицидтің алдын-алу: әдістері және тиісті факторлар біледі; E) Студенттер арасындағы суицидтік жағдайдың алдын алу шараларын жүргізеді.

6В01801-ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ТЫЮТОРЛЫҚ

3 курс

Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы: 2021

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 6. Анимация және инклюзия, 14 академиялық кредит				
БП ЖК	РА 3213	Педагогикалық анимация	5	5
КП ЖК	ІВВZhТ К 3301	Инклюзивті білім беру жүйесіндегі тьютор қызметі	5	5
КП ЖК	ІВВ 3302	Инклюзивті білім беру	5	4
Модуль 7.1. Цифрлық ресурстар және әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, 34 академиялық кредит				
БП ТК	ООТОВА 3214	Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі	5	5
БП ТК	АРКPSh 3315	Әлеуметтік педагог қызметіндегі педагогикалық шеберлік	5	5
КП ТК	Konf 3303	Конфликтология	5	5
БП ТК	ОАРZh 3216	Отбасымен әлеуметтік- педагогикалық жұмыс	6	5
БП ТК	АР 3217	Әлеуметтік педагогика	6	5
БП ЖК	АРТІТС R 3218	Әлеуметтік педагогика және тьюторлықтағы ІТ мен цифрлық ресурстар	6	5
КП		Педагогикалық практика	6	4
БП ТК	ООТОТ Т 3216	Өзін-өзі тануды оқыту теориясы мен технологиясы	5	5
БП ТК	ОР 3214	Отбасы психологиясы	5	5
БП ТК	ВBSAPK 3215	Білім беру саласындағы әлеуметтік- педагогикалық қызмет	5	5
КП ТК	DP 3203	Денсаулық психологиясы	6	5
БП ТК	АР 3317	Арнайы психология	6	5
БП ЖК	АРТІТС R 3218	Әлеуметтік педагогика және тьюторлықтағы ІТ мен цифрлық ресурстар	6	5
КП		Педагогикалық практика	6	4
Модуль 8. Риторика, тьюторлық және зерттеу әдістемесі, 17 академиялық кредит				
КП ЖК	ВВТКЕ 3304	Білім берудегі тьюторлық қолдаудың ерекшелігі	6	4
КП ЖК	PPsKR 3305	Педагогикалық-психологиялық қызметтегі риторика	6	4
КП ЖК	АРZHТ 3214	Әлеуметтік педагогикалық жұмыс технологиясы	6	4

Модуль 6. Анимация және инклюзия, 14 академиялық кредит

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Педагогикалық анимация.

Бағдарлама авторы: Адильшинова З.У.

Курсты оқыту мақсаты: Анимациялық іс-әрекет технологиялық жүйесінің санқырлы және жан-жақтылығын анықтау, негізгі әдістері мен технологияларын игеру, тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру, болашақ әлеуметтік педагог, өзін-өзі тану мұғалімдерінің коммуникативті, ұйымдастырушылық, рефлексивті мәдениетін дамытуға мүмкіндік туғызу болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Әлеуметтік педагог, өзін-өзі тану мұғалімі кәсіби қызметінің мәні мен мазмұны. Анимациялық технологияның мақсаты. Кәсіби аниматорлар қызметінің мазмұны. «Адамның бос уақыты» ұғымының мәні мен мазмұны. Анимациялық технологияның педагогикалық негіздері. Дамытуға бағытталған бос уақыттың психологиялық негіздері. Әртүрлі әлеуметтік топтарда анимациялық шараларды ұйымдастыру барысындағы дифференциация және индивидуализация мәселелері. Педагогикалық анимация теориясы қазіргі әлеуметтік педагогиканың бағыты ретінде.

Пререквизиттері: Білім алушылардың өзіндік жұмысын басқарудағы әлеуметтік-педагогикалық қызметтің, тьютордың нормативтік-құқықтық негіздері.

Постреквизиттері: Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, әлеуметтік педагогика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) әлеуметтік педагог, өзін-өзі тану мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінің негізгі формаларын мен әдістерін білу; В) анимациялық бағдарламалар жүйесін анықтау және құрастыра алу; С) педагогикалық анимацияның негізгі функциясы мен қағидаларын білу; D) бос уақытты ұйымдастырудың нақты формалары мен әдістерін білу; E) балалар мен жеткіншектердің бос уақытын ұйымдастыру ерекшелігін біледі.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Инклюзивті білім беру жүйесіндегі тьютор қызметі.

Бағдарлама авторы: Тұякова Ұ.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін инклюзивті білім беру жүйесі негізінде барлық категориядағы тұлғалардың сапалы білім алуға тең құқығын жүзеге асыру және білім беру үдерісіне қатысушылардың оқу нәтижесі туралы теориялық негізін қазіргі заман талабына сай меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Инклюзивті білім беру мақсаты, міндеттері және ерекшелігі. Инклюзивті білім беру жүйесі және тьюторлық қызмет. Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары мен қағидалары. Инклюзивті білім беру субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау шарттары және оны ұйымдастыру. Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды оқытуда жекелеу-саралау тәсілін қолдану. Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс құрылымындағы тьютердің оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлері. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қолдауды ұйымдастыру бойынша халықаралық тәжірибе. Инклюзивті білім беру жүйесінде тьютер қызметінің ұстанымдары.

Пререквизиттері: Психологиялық-педагогикалық практикум және диагностика, инклюзивті білім беру.

Постреквизиттері: Білім берудегі тьюторлық қолдаудың ерекшелігі, педагогикалық-психологиялық қызметтегі риторика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) инклюзивті білім беру жүйесі барысында оның негізгі түсінігі мен ережелерін, тьюторлық қызметтің мазмұны туралы білулері қажет; В) инклюзивті білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихын, тьюторлық қызметтің негіздерін білу; С) білімді бағалауда шығармашылық дағдылары қалыптастыру; D) өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту ерекшеліктерін қалыптастыру; E) инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық-экономикалық негіздері және тетіктерін жетілдіре білу, Әлеуметтік педагогиканың теориялық негіздерін меңгеру және біліктерін тәжірибеде қолдана білу.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы; Инклюзивті білім беру.

Бағдарлама авторы: Оразова Ж.О.

Курсты оқытудың мақсаты: Ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында инклюзивті процестерді ұйымдастыру мен басқарудың негізгі ережелері туралы студенттерде жан-жақты білім беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Инклюзивті білім беру пәнін оқытуда инклюзивті білім беру, интеграция, жалпыға бірдей білім ұғымдарының мәні түсіндіріледі. Негізгі міндеттері, ерекшелігі, халықаралық тәжірибесі, қағидалары меңгертіледі. Қазақстандағы инклюзивті білім беру мәселелері, даму тенденциялары қарастырылады. Инклюзивті оқытудың инновациялық жолдарын жүзеге асырудың заңдылықтарын қамтиды. Сонымен қатар инклюзивті білім беруде басшылыққа алынатын халықаралық және мемлекеттік құжаттармен таныстырылады.

Пререквизиттері: Ұлттық руханият, әлеуметтік педагогикалық қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері.

Постреквизиттері: Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, әлеуметтік педагогика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) білім алушылардың инклюзивтік білім беру ортасының ерекшеліктеріне бейімделуімен байланысты жеке айырмашылықтарды, психофизиологиялық ерекшеліктерді, ықтимал проблемаларды біледі және түсінеді;

В) ерекше білім беруге қажеттілігі (ЕБК) бар балаларды арнайы оқыту мен дамытудың оңтайлы әдістерін қолдана отырып, психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыруда алған білімдерін қолданады. Инклюзивті оқытудың инновациялық жолдарын жүзеге асырудың заңдылықтарын қамтиды;С) арнайы білім беру саласындағы нормативтік - құқықтық құжаттарды, түзету-дамыту қызметінің ұйымдастырылуы мен бағыттарын реттейтін әдістемелік және дидактикалық материалдарды талдайды;D) ЕБК бар білім алушыларды оқытудың мазмұнын анықтап, білім алушылардың әртүрлі санаттары үшін оның мазмұнын даралау негізінде білім беру бағдарламасының ерекшеліктерін салыстырады;E) қолайлы, психологиялық жайлы, толерантты әлеуметтік ортаны құру және модельдеу параметрлерін бағалайды.

Модуль 7.1. Цифрлық ресурстар және әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, 34 академиялық кредит

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі.

Бағдарлама авторы: Кенжебекова Н.Ә

Курсты оқыту мақсаты: Жалпы білім беретін мектепте өзін-өзі тану пәнін өткізу білім, білік дағдыны меңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Өзін-өзі тану пәнін оқытудың аксиологиялық негіздері. Ақиқат өзін өзі танудың мақсаты ретінде. Дұрыс әрекет жасаудың тәжірибесі адамгершіліктің алтын ережесі ретінде. Тыныштық адамның ішкі табиғаты ретінде. Сүйіспеншілік әлем құрылымының негізі. Қиянат жасамау тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесі. Өзін-өзі тану сабағын жоспарлау негіздері. Өзін-өзі тану сабағында жағымды күйге ену. Өзін-өзі тану сабағында дәйексөзді қолдану. Өзін-өзі тану сабағында ән айту мен музыка. Өзін-өзі тану сабағында топтық және шығармашылық іс әрекет. Әңгіме өсиет айту әдісі. Өзін-өзі тану сабағын талдау. Өзін-өзі танудағы мұғалімнің рөлі. Бастауыш мектеп үшін тараулардың әдістемелік сипаттамасы. Орта сыныптар үшін тараулардың әдістемелік сипаттамасы. Жоғары сыныптар үшін тараулардың әдістемелік сипаттамасы.

Пререквизиттері: Білім алушылардың өз бетімен жұмысын басқарудағы тьютор, психологиялық-педагогикалық практикум және диагностика.

Постреквизиттері: Денсаулық психологиясы, әлеуметтік психология.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) «өзін-өзі тану» түсінігінің әдіснамалық негізін білу; В) әмбебап және этномәдени құндылықтар мен мәдени нормаларды күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады; С) адамның коммуникациялық мәдениетінің нормаларын қолдануға қабілетті болуы; D) өмірлік тапсырмалар, жалпы азаматтылық, отансүйгіштік сезімдер туралы хабардар ету; E) Кәсіби өзін-өзі дамытудың практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Әлеуметтік педагог қызметіндегі педагогикалық шеберлік.

Бағдарлама авторы: Баймаханова Г.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ педагогтар бойында оқыту мен тәрбиелеуді, өзін-өзі жетілдіруді үнемі дамытып отыру қажеттілігін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Әлеуметтік педагог қызметіндегі педагогикалық шеберлік» курсы бүгінгі студент болашақ педагогтың педагогикалық шеберлік деңгейін дамыту және оны қалыптастыру тәсілдерін, дағдысын жетілдіру жолдарын қарастырады. Қазіргі заман мұғалімінің профессиограммасы. Педагогикалық қабілет. Педагогикалық такт және оның компоненттері. Мұғалімнің этикасы. Педагогикалық қарым-қатынас шеберлігі. Педагогикалық техника, оның компоненттері жайында білім алады.

Пререквизиттері: Әлеуметтік педагогика, инклюзивті білім беру.

Постреквизиттері: Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, әлеуметтік педагогика, білім берудегі тьюторлық қолдаудың ерекшелігі.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) аталған пәнді меңгеруде болашақ мамандар бос уақытты ұйымдастырудың нақты формалары мен әдістерін біледі; В) қойылымдық жұмыстарды ұйымдастыру және драмалық әзірлеменің негізгі әдістерін меңгереді; С) тұлға дамуының негізгі теориялары мен іс-әрекет және қарым-қатынас дамуының ерекшеліктерін диагностикалауды игереді; D) педагогикалық шығармашылық бағдарламалар жүйесін анықтай алады және құрастыра біледі; E) Жинақталған материалдарды өзбетінше талдай алады.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Конфликтология

Бағдарлама авторы: Адильшинова З.У.

Курсты оқыту мақсаты: Болашақ мамандардың конфликтология саласында тұлғаның дамуы мен тәрбиесіндегі міндеттерді одан әрі жүзеге асыруына, қоғамда кикілжіңсіз іс-әрекет қалыптастырумен тәжірибесі туралы жүйелі ғылыми білім, білік, дағдылармен қаруландыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Конфликтология пәні, нысаны және міндеттері. Конфликтология әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде. Конфликт қоғамдық өмірдің әлеуметтік феномені ретінде, негізгі теориялық бағыттары. Конфликт түрлері, оның даму кезеңдері және негізгі қызметтері. Конфликт динамикасы және механизмі. Конфликтіні басқару. Жеке адамдар арасындағы конфликттік жағдайлар. Тұлғааралық конфликтіні шешудің механизмдері мен тәсілдері.

Пререквизиттері: Ұлттық руханият, әлеуметтік педагогикалық қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері.

Постреквизиттері: Денсаулық психологиясы, арнайы психология.

Пәнді оқыту нәтижелері:

А) конфликтінің жалпы теориясы мен практикасы мәселелері материалдарын қолдана білуі; В) білім беру аймағындағы конфликтологиялық біліктілік, негіздерінің құрамдас

бөліктерін жіктей білуі; С) конфликтінің жалпы теориясы негіздерін тану барысында эссе, аналитикалық баяндамалар, мәнжазбалар жазу, жоспар құра білуі; D) өмірлік тапсырмалар, жалпы азаматтылық, отансүйгіштік сезімдер туралы хабардар ету; E) конфликтінің жалпы теориясы мен практикасы бойынша материалдың маңызын, қорытындылар сәйкестігін бағалау бағалай білуі.

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс.

Бағдарлама авторы: Тұякова Ұ.Ж.

Курсты оқыту мақсаты: Студенттердің отбасы тәрбиенің негіздері туралы ғылыми - теориялық білімнің жүйесін қалыптастыру, отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс саласында кәсіби біліктілігін дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс» курсының пәні, мақсаты және міндеттері. Отбасының сипаттамасы. Отбасы тәрбиенің теориялық психологиялық-педагогикалық негіздері. Отбасын зерттеу. Дамуында ауытқулары бар балалардың отбасы тәрбиенің ерекшеліктері. Әлеуметтік педагогтың отбасымен жүргізетін жұмысы. Отбасы тәрбие институттар жүйесінде. Қазіргі замандағы Қазақстанда отбасының этникалық, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері.

Пререквизиттері: Инклюзивті білім беру, өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі.

Постреквизиттері: Білім алушылардың өз бетімен жұмысын басқарудағы тьютор, девиантология, әлеуметтік-педагогикалық менеджмент.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) отбасын тәрбиенің факторы ретінде зерттеуге арналған түрлі әдістерді іріктеу, дайындау және қолдану; B) отбасын сипаттайтын мәліметтерді талдау, жалпылау, отбасы туралы және оның тәрбиелік мүмкіндіктері жайлы қорытынды шығару; C) дамуында ауытқуы бар баланың, жағымсыз жағдайда тәрбиеленген баланың отбасындағы әлеуметтік-педагогикалық қорғауын қамтамасыз етудің тиімді жолдарын қарастыру, жоспарлау; D) алған білімдерін отбасының мүшелері арасындағы, отбасы мен қоғам арасындағы әрекеттесудің жағымды болуына пайдалана білу; E) әлеуметтік педагог ретінде отбасымен жұмыс жасауға қажет болатын кәсіби қасиеттерді саналы түрде дамыту: сыпайыгершілік, мейірімділік, әсерлілік, мақсатқа талпынушылық, өсіңкілік, педагогикалық оптимизм және әдептілік.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Әлеуметтік педагогика.

Бағдарлама авторы: Айтмағамбетова Ш.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерді әлеуметтік педагогиканың теориясы және практикалық негіздерімен, оның ұғымдық аппаратымен, әлеуметтік-педагогикалық үрдістің мазмұнымен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Әлеуметтік педагогика» курсы пәнінің мақсат-міндеттері және негізгі қызметтері. Педагогиканың әлеуметтік педагогикамен байланысы. Әлеуметтік педагогиканың негізгі қағидаларын, әлеуметтік-педагогикалық үрдіс және оны жетілдірудің жолдары. Девиантты және делинквентті мінез-құлық, «адаптация», «дезадаптация» және «реадаптация» ұғымдары. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология. Отбасы тәрбиесінің әдістері мен стильдерін, тәрбиелеу мекемелерінің типтері, әртүрлі типтегі тәрбиелеу мекемелеріндегі балалар өмірін ұйымдастыру әдістері мен тәртіптері, әлеуметтік-педагогтың атқаратын қызметі оның педагогикалық мәдениетін көтеру жолдары.

Пререквизиттері: Әлеуметтік педагог қызметіндегі педагогикалық шеберлік, конфликтология.

Постреквизиттері: Педагогикалық шеберлік, волонтерлық қызметке психологиялық дайындық, әлеуметтік-педагогикалық менеджмент.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) әлеуметтік педагогтың принциптері, міндеттері, функционалдық міндеттері, оның қызметінің негізгі бағыттары туралы біледі; В) әлеуметтік педагогтың нақты жағдайлары мен факторларын есепке ала отырып, кәсіби деңгейде жүзеге асырады; С) жалпы және әлеуметтік педагогика саласында негізді пікірлер береді; D) әлеуметтік педагогика саласындағы проблемалар мен үрдістер туралы заманауи ақпаратқа ие, оны кәсіби және ғылыми мақсаттарда пайдаланады; E) өзінің кәсіби біліктілігін, өзін-өзі дамытуын және өзін-өзі дамытуын жақсартады.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Әлеуметтік педагогика және тьюторлықтағы IT және цифрлық ресурстар.

Бағдарлама авторы: Мейірханова А.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазіргі білім беру ортасында ақпараттық технологияларды қолдану және педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазақстан Республикасының «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының мақсаты, міндеті. Бағдарламаны іске асырудың бес негізгі бағыттары. Цифрландырудың жаһандық трендтері және халықаралық тәжірибе. Бастауыш мектепте сандық білім беру ресурстарын қолдану. Білім беру мақсаттарына арналған Интернет-ресурстар. Бастауыш мектепте цифрлық ресурстарды қолдану жолдары. Білім беру мақсаттарына арналған интернат-ресурстар. GOOGLE-да GMAIL.COM akkaунтын жасау. Желілік өзара әрекеттерді ұйымдастыру үшін GOOGLE құжаттары. GOOGLE электрондық презентациялары. GOOGLE-да GMAIL.COM akkaунтын жасау. Желілік өзара әрекеттерді ұйымдастыру үшін GOOGLE құжаттары. GOOGLE электрондық презентациялары. Желілік өзара әрекеттерді ұйымдастыру үшін GOOGLE кестелері. Google кестесі арқылы форма жасау. Желілік өзара әрекеттерді ұйымдастыру үшін GOOGLE кестелері. Google кестесі арқылы форма жасау. Google кестесі арқылы сауалнама жасау. Мультимедиялық бейнесабақ-тарды Camtasia Studio бағдарламасы арқылы түсіру. Бейне сабақтар дегеніміз не? Бейне сабақтар жасауға арналған платформалар. Мультимедиялық бейнесабақ-тарды Camtasia Studio бағдарламасы арқылы түсіру.

Пререквизиттері: Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс, әлеуметтік педагогика.

Постреквизиттері: Девиантология, волонтерлық қызметке психологиялық дайындық.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) қазіргі заманғы ақпараттық және компьютерлік технологияларды оқытудың негізгі бағыттарын, цифрлық білім беру технологияларын қолдану және енгізу негіздерін біледі; В) білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін цифрлы білім беру ортасының мүмкіндіктерін түсінеді; С) оқу және сабақтан тыс іс-шараларда, тренингтерді өткізу кезінде заманауи ақпараттық технологияларды қолданады; D) оқу үдерісін қолдаудың ақпараттық жүйелерін қолдана алады; E) электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу және жетілдіру үшін тиімді бағдарламалық құралдарды талдайды, белгілі бір тақырыпты оқыту үшін білім беру технологияларын таңдаудың алгоритмін ұсынады.

**Модуль 7.2. Цифрлық ресурстар және психологиялық -әлеуметтік қызмет,
34 академиялық кредит**

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Өзін-өзі тануды оқыту теориясы мен технологиясы.

Бағдарлама авторы: Кенжебекова Н.Ә

Курсты оқыту мақсаты: Жалпы білім беретін мектепте өзін-өзі тану пәнін өткізу білім, білік, дағдыны, теориясы мен технологиясын меңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Өзін-өзі тану пәнін оқытудың аксиологиялық негіздері. Ақиқат өзін өзі танудың мақсаты ретінде. Дұрыс әрекет жасаудың тәжірибесі адамгершіліктің алтын ережесі ретінде. Өзін-өзі тану сабағын жоспарлау негіздері. Өзін-өзі тану сабағында жағымды күйге ену. Өзін-өзі тану сабағында дәйексөзді қолдану. Өзін-өзі тану сабағында ән айту мен музыка. Өзін-өзі тану сабағында топтық және шығармашылық іс әрекет. Әңгіме өсиет айту әдісі. Өзін-өзі тану сабағын талдау. Өзін-өзі танудағы мұғалімнің рөлі. Бастауыш мектеп үшін тараулардың әдістемелік сипаттамасы. Орта сыныптар үшін тараулардың әдістемелік сипаттамасы. Жоғары сыныптар үшін тараулардың әдістемелік сипаттамасы. Өзін-өзі тануды оқытудың технологиясы.

Пререквизиттері: Ұлттық руханият, әлеуметтік педагогикалық қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері.

Постреквизиттері: Денсаулық психологиясы, арнайы психология.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) «өзін-өзі тану» түсінігінің әдіснамалық негізін білу; В) әмбебап және этномәдени құндылықтар мен мәдени нормаларды күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады; С) адамның коммуникациялық мәдениетінің нормаларын қолдануға қабілетті болуы; Д) өмірлік тапсырмалар, жалпы азаматтылық, отансүйгіштік сезімдер туралы хабардар ету; Е) Кәсіби өзін-өзі дамытудың практикалық дағдыларын қалыптастыру

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Отбасы психологиясы.

Бағдарлама авторы: Қаңтарбай С.

Курсты оқытудың мақсаты: Отбасындағы тұлғааралық қатынастар (олардың тұрақтылығы) заңдылықтарын зерттей отырып, отбасының қызметтік құрылымы және оның даму динамикасы, отбасында тұлғаның дамуы туралы түсінік қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Отбасылық қатынастар психологиясының әдіснамалық негіздері. Отбасының құрамы және түрлері. Отбасылық қарым-қатынас психологиясы. Отбасының негізгі қызметтері мен ерекшеліктері. Отбасындағы дағдарыстар. Отбасын зерттеу әдістері. Шетелдік отбасыларының қазіргі отбасыларына психологиялық әсері.

Пререквизиттері: Арнайы педагогика, инклюзивті білім беру.

Постреквизиттері: Білім берудегі тьюторлық қолдаудың ерекшелігі, педагогикалық-психологиялық қызметтегі риторика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) отбасы және отбасымен жүргізілетін жұмыс формаларын меңгереді; В) отбасы құрамы және түрлерін талдап біледі; С) ата-аналармен диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттейді; D) теориялық білімдерді практикалық кәсіптік іс-әрекетінде ұйымдастыру білу біліктілігі қалыптасады; E) психологиялық-педагогикалық салада ақпараттық технологияларды жетік меңгереді, ата-аналармен диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктерін қолдана біледі.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Білім беру саласындағы әлеуметтік-педагогикалық қызмет.

Бағдарлама авторы: Сағадатов Р.Т

Курсты оқыту мақсаты: Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, әдістері, нысандары мен технологиялары туралы білімді қалыптастыру және білім беру және әлеуметтік-педагогикалық процестің психологиялық-педагогикалық міндеттерін шешуде, кәсіби тәжірибе негіздерін қалыптастыруда шеберліктерін дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Педагогиканың әлеуметтік педагогикамен байланысы. Әлеуметтік педагогиканың негізгі қағидаларын, әлеуметтік-педагогикалық үрдіс және оны

жетілдірудің жолдары. Девиантты және делинквентті мінез-құлық, «адаптация», «дезадаптация» және «реадаптация» ұғымдары. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология. Отбасы тәрбиесінің әдістері мен стильдерін, тәрбиелеу мекемелерінің типтері, әртүрлі типтегі тәрбиелеу мекемелеріндегі балалар өмірін ұйымдастыру әдістері мен тәртіптері, әлеуметтік-педагогтың атқаратын қызметі оның педагогикалық мәдениетін көтеру жолдары.

Пререквизиттері: Арнайы педагогика, инклюзивті білім беру.

Постреквизиттері: Білім берудегі тьюторлық қолдаудың ерекшелігі, педагогикалық-психологиялық қызметтегі риторика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) әлеуметтік педагогтың принциптері, міндеттері, функционалдық міндеттері, оның қызметінің негізгі бағыттары туралы біледі; В) әлеуметтік педагогтың нақты жағдайлары мен факторларын есепке ала отырып, кәсіби деңгейде жүзеге асырады; С) жалпы және әлеуметтік педагогика саласында негізді пікірлер береді; D) әлеуметтік педагогика саласындағы проблемалар мен үрдістер туралы заманауи ақпаратқа ие, оны кәсіби және ғылыми мақсаттарда пайдаланады; E) өзінің кәсіби біліктілігін, өзін-өзі дамытуын және өзін-өзі дамытуын жақсартады.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Денсаулық психологиясы.

Бағдарлама авторы: Тұякова Ұ.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Адам денсаулығын сақтау, нығайту және денсаулықты рухани, психикалық, әлеуметтік жағынан дамыту туралы білімдерін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Денсаулық психологиясы» курсы «патология» және «норма» туралы ұғымдарды, балалардың психологиялық денсаулығы оның ерекшеліктері, деңгейлері. Ересектердің жаңа тұлғалық құрылымдары. Баланың социумға бейімделуі. Оқушыларға әлеуметтік-психологиялық көмек. Балалармен психопрофилактикалық, дамытушы, түзетуші жұмыстар жүргізу және эмоционалды бұзылулардың акцентуациясын, мінез акцентуациясының типтерін, невротикалық қайшылықтардың түрлері. Тұлғаның ұлттық-рухани бейнесін, балалар мен педагогтардың психикалық денсаулығын сақтаудағы психологтың қызметі және экологиялық ортаның адам психикасына әсерін қарастырады.

Пререквизиттері: Өзін-өзі тануды оқыту теориясы мен технологиясы, отбасы психологиясы.

Постреквизиттері: Әлеуметтік педагогикалық менеджмент, арнайы педагогика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) психологиялық денсаулық деңгейлерін ажырата білуі; В) тұлғаның денсаулығын сақтауға қажетті психопрофилактикалық шараларды меңгеруі; С) психологиялық денсаулықты сақтау мен нығайтуда тренингтік жұмыстардың мүмкіндіктерін қолдана білу дағдыларының қалыптасуы; D) психологиялық денсаулықты анықтау әдістерін игеруі; E) адам психикасына экологиялық орта ықпалының мәселелерін білуі.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Арнайы психология.

Бағдарлама авторы: Мухамеджанова Б.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға арнайы білім беру үрдісі туралы білімдер жүйесін беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Арнайы педагогиканың негізгі ұғымдары мен түсініктері. Дамудағы кемістіктердің статистикасы мен жіктеулері. Арнайы педагогиканың пәндік салалары. Арнайы педагогикадағы ғылыми-зерттеу әдістері. Арнайы педагогиканың философиялық негіздері. Арнайы педагогиканың әлеуметтік-мәдени негіздері. Арнайы педагогиканың экономикалық негіздері. Арнайы педагогиканың психологиялық негіздері.

Арнайы білім берудің құқықтық негіздері. Оқыту процесі туралы түсінік. Арнайы оқыту процесінің ерекшеліктері.

Пререквизиттері: Өзін-өзі тануды оқыту теориясы мен технологиясы.

Постреквизиттері: Педагогикалық шеберлік, арнайы педагогика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Ерте диагностиканы ұйымдастыру және дамуда ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға түзету-педагогикалық қолдау көрсету жолдарын игереді; В) Жалпы білім беру процесіне кіріктірілген баланы міндетті түрде психологиялық педагогикалық сүйемелдеу жолдарын біледі; С) Әр бала үшін мүмкін болатын және пайдалы кіріктіру түрін анықтай алады; D) Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың дамуын ерте анықтап, кешенді көмек көрсетуді біледі; E) Мектепке дейінгі мекемедегі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін жұмыстарды анықтау дағдысы қалыптасады.

Модуль 8. Риторика, тьюторлық және зерттеу әдістемесі, 17 академиялық кредит

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Білім берудегі тьюторлық қолдаудың ерекшеліктері.

Бағдарлама авторы: Туякова Ұ.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім берудегі тьюторлық қолдаудың ерекшеліктерін, қоғамдық маңыздылығын, кәсіби қызметі мен психологиялық-педагогикалық іс-әрекет аясында тьюторлық сүйемелдеу негіздері туралы түсінік қалыптастыру

